


Бекітомін
ИП «Байғонусова З.Я»
«АІ-Аділ» байғонусова З.Я. кабинеті
Меңгеруші: 
Байғонусова З.Я.
«30» 08 2026 ж.



2026 - 2027 оқу жылына арналған
Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы

№1 Меңгеруші жанындағы кеңес

Мерзімі: 25.08.2026ж

Қатысқаны:

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жаңа оқу жылына дайындық.
3. Мәдени тазалық дағдыларын қалыптастыру.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі:Байгонусова З.Я. сөз алды.

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде сөз қозғады.

Балалардың таңертеңгі жаттығуларда спорттық құралдарды пайдалану деңгейі мен балаларды өзіне өзі қызмет етудің әдіс тәсілдері туралы тәрбиешілердің есебін алды

Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жайында тоқталд Балабақшадағы стендтерді жаңарту мәселесін тәрбиешілер айтып өтті. Топтағы ыдыстардың ,жиһаздардың орнын толтыруын ,екінші ауысымдағы төсеніштерді түгендеу жұмыстарын мейірбикеге жүктеді. Балаларды түгендеу, өз топтарында оқулықтар мәселесі туралы, көрнекі құралдар жайында тәрбиешілерге жүктеді.

Айналаны қоқыстан тазалау, құм түсіру, әктеу, сырлау жұмыстарын шаруа меңгерушісіне тапсырды .

2.Сөз алғандар. Музыка жетекшісі : Рақыжанова А.А.сөз алды. Жаңа оқу жылына топтарды балалармен толықтыру жұмыстарын тәрбиешілер әзірден бастауы тиіс. Балаларды халыққа қызмет көрсету орталығына тіркеп, жолдамалар алуын қадағалау. Ата аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Балаларға балабақшаға ыңғайлы киім киіп келу туралы ескерту және талап етту.

3.Тыңдалды. Б/б Рахимкулова У.С. медбикесі: сөз алды. Ол өз сөзінде мәдени тазалық дағдыларына тоқталды. Балалардың жас ерекшеліктерін топтай отырып, саралап берді.

кіші топ балалары;

- Ересектердің болмашы көмегімен ас ішу алдында қолын жуа білуі;
- Сұйық асты төкпей ,жолдастарына кедергі жасамай өздігінен іше алуы;
- Ересектердің үлгісін қайталап,ас ішуден кейін рахмет айтуы;
- Өзінің жеке заттары, сүлгісі тұратын орынды білуі тиіс
- Киімдерін түймелеп,ағыта алуы,бауларын шеше білуі,шешкен киімдерін дұрыстап қоя білуі;
- Ересектердің ескертуімен лас беті қолын ,мұрнын сүрте білуі;
- Аяқтарын сүрте алуы;
- Ересектердің айтқанын орындай алуы;

- Қарапайым өтініштерін ауызша айтып жеткізе алуы тиіс
Ортаңғы топ балалары;
- Ересектердің кеңесімен сабынды пайдалана алуы;
- Өз бетімен ас іше алуы, өзгелерге кедергі жасамауы, ас ішу кезінде киімін ластамауы;
- Тәрбиешінің көмектесуімен жылдың аяғында асханадағы кезекшінің кейбір міндеттерін орындай алуы тиіс.

Шешімі:

1. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жалғастырылсын.
2. Мәдени тазалық дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүзеге асырылсын.

Б/б меңгерушісі:  3. Байгонусова

Хатшы: